

Үржар ауданы бойынша көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 шілдедегі № 374 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 10 тамызда № 4639 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 6 қарашадағы № 316 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 06.11.2017 № 316 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1 тармағы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 8, 27-баптарына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы "Ішкі сауда ережесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес Үржар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үржар ауданы бойынша көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары **Қ. С е и т қ а н о в қ а** жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің
міндетін атқарушы*

Ж.Байсабыров

Үржар ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "12" шілдедегі
№ 374 қаулысына қосымша

Үржар ауданы бойынша көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін белгіленген орындар

№ р/с	Ауыл атауы	Белгіленген орындар

1	Үржар ауылы	Сейфуллин көшесіндегі "Айжан" сауда дүкенінің маңында
		Сейфуллин көшесіндегі № 81 үйдің алдында
		Сейфуллин көшесіндегі "Воронкова" аялдамасы маңында
		Сейфуллин көшесіндегі № 88 үйдің маңында
		Абылайхан даңғылы бойындағы "Жол пайдалану учаскесі-24" автобус аялдамасының маңында
		Абылайхан даңғылы бойындағы "Морозова" автобус аялдамасы маңында
		Абылайхан даңғылы бойындағы "Арай" дүкенінің алдында
2	Қабанбай ауылы	Д.Қонаев көшесі мен Қ.Чыбынтаева көшесінің қиылысындағы "Азамат" дәмханасының маңында

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК